"Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Түркістан қ., Жаңа Қала Шағын ауданы 32 көшесі, № 20 үй

Государственное учреждение "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области"

г.Туркестан, Микрорайон Жаңа Қала улица 32, дом № 20

Дәлелді бас тарту

Күні: 29.05.2026

Нөмір: KZ76VCZ14844776

"Aiya Trade" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

160500, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, ЖЕТІСАЙ АУДАНЫ, АСЫҚАТА К.Ә., АСЫҚАТА К., Зейнеп Таспанбетова көшесі, № 33 үй

"Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Сіздің 17-сәу-26 ж. № KZ80RXX00050179 өтінішіңізді қарап келесіні хабарлайды:

Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 123-бабының 4-тармағына сәйкес, 27.04 .2026 жылғы №KZ11RXX00049966 жолданған дәлелді ескертулер толық түзетілмеуіне байланысты өтінімді қарастырудан қайтаратындығын хабарлайды.
Атап айтқанда, II санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу үшін ұсынылған жобалар бойынша келесі ескертулер түзетілмеген:
Қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындылары бөлігінде эмиссиялар нормативтері жобасының құрамында:
- объектінің әсер ету аймағының шекаралары нақтыланбаған;
- әсер ету саласының шектері туралы деректер ұсынылмаған. Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің (Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 63 бұйрығы) 2-тарауы 8-тармағына сәйкес, антропогендік жүктемеге ұшыраған және ластаушы заттардың жерге жақын шоғырлануының таралуын модельдеу арқылы айқындалған аумақ (акватория) әсер ету саласы болып табылады;
- дәлелді ескертулерден кейін ұсынылған мәліметтерге сәйкес, ластану деңгейіне ең көп үлес қосатын көздердің тізбесі Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің 6-қосымшасына сәйкес ұсынылмаған;
- дәлелді ескертулерден кейін ұсынылған мәліметтерге сәйкес, сейілу есебінің карта-схемасы ұсынылмаған;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

- Атмосфералық ауаның жай-күйіне әсерді бағалауда:
- объектінің әсер ету аймағының шекаралары нақтыланбаған;
- әсер ету саласының шектері туралы деректер ұсынылмаған. Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің (Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 63 бұйрығы) 2-тарауы 8-тармағына сәйкес, антропогендік жүктемеге ұшыраған және ластаушы заттардың жерге жақын шоғырлануының таралуын модельдеу арқылы айқындалған аумақ (акватория) әсер ету саласы болып табылады.

Сонымен қатар, - №6002 – «Аршу жұмыстары» қызметі кезінде атмосфералық ауаға ластаушы заттардың көзі бойынша.

1. КОС = 0,4 гравитациялық тұну коэффициентін қабылдау негіздемесі келтірілмеген. Коэффициентті қолданудың нормативтік көзі, қолдану шарттары көрсетіліп, шаңның дисперстік құрамының сәйкестігі расталуы тиіс.
2. Материал ылғалдылығы VL = 1 % деп қабылданған, алайда саздың нақты ылғалдылығын растайтын бастапқы деректер немесе зертханалық талдау нәтижелері ұсынылмаған. Аршу жыныстары үшін 1 % ылғалдылық төмендетілген көрсеткіш болып табылады.
3. Материал кесегінің өлшемі 100 мм болған кезде K7 = 0,2 коэффициентін қабылдау негізделмеген. Материалдың гранулометриялық құрамының сипаттамасын ұсынып, оның әдістемедегі кестелік мәндерге сәйкестігін растау қажет.
4. Есепте жел жылдамдығы келесідей көрсетілген:
- орташа жылдық – 0,6 м/с;
- максималды – 1 м/с.

Бұл мәндер Қазақстан Республикасы аумағына тән климаттық параметрлерден едәуір төмен және гидрометеорологиялық бақылау материалдарымен расталуы тиіс. Қазгидромет анықтамасына немесе объект орналасқан ауданның климаттық деректеріне сілтемелер ұсынылмаған.

5. Есепте өңделетін материалдың жылдық көлемі GGOD = 8200 т/жыл және сағаттық өнімділігі GMAX = 20 т/сағ негізделмеген. Келесілерді ұсыну қажет:
- өндірістік бағдарлама;
- жұмыс режимі;
- жабдықтың жылдық жұмыс сағаттарының саны.

6. Шаң басу құралдарының жоқтығы (NJ = 0) расталмаған. Келесілерді көрсету қажет:
- су себу қолданыла ма;
- су пушкалары пайдаланыла ма;
- материалды ылғалдандыру жүргізіле ме.

7. Шығарындылар көзінің координаттары, материалды қайта тиеу алаңының параметрлері және шығарындылар көзінің биіктігі көрсетілмеген, бұл есепті ластаушы заттардың таралуын модельдеу кезінде пайдалануға мүмкіндік бермейді.
8. Есеп климаттық бастапқы деректердің күні мен өндірістік көрсеткіштер қабылданған кезеңді көрсетпей рәсімделген. Бастапқы деректерді өзектендіру қажет.
9. Қосымша ретінде қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кезіндегі шаңдану есебін және шаң түзілуін төмендету шараларының тиімділігін бағалауды ұсыну ұсынылады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

- №6003 – «Пайдалы қазбаны қазып алу» қызметі кезінде атмосфералық ауаға ластаушы заттардың көзі бойынша

1. KOC = 0,4 гравитациялық тұну коэффициентін (2.3-т.) қабылдау негіздемесі келтірілмеген. Оны қолдану шарттарын көрсету, сондай-ақ сазды қазып алу кезіндегі шаң бөлшектерінің сипаттамаларына сәйкестігін растау қажет.

2. Есепте қазып алу технологиясының сипаттамасы жоқ:

- қолданылатын жабдық түрі (экскаватор, тиегіш және т.б.);
- қазу тәсілі (бір шөмішті, үздіксіз);
- ылғалдандыру немесе шаң басу шараларының болуы;
- тиеу биіктігі мен қарқындылығы.

Бұл B, K4 және K7 коэффициенттерінің дұрыстығын негіздеуге мүмкіндік бермейді.

3. Материалдың ылғалдылығы VL = 1 % деп қабылданған, бұл нақты деректермен расталуы тиіс. Аршу және өндірілетін сазды жыныстар үшін 1 % мәні төмендетілген болуы мүмкін және есеп нәтижесіне әсер етеді.

4. Кесек өлшемі 100 мм болған кезде K7 = 0,2 ірілік коэффициенті негізделмеген. Пайдалы қазбаның гранулометриялық құрамын ұсынып, оның әдістемедегі кестелік мәндерге сәйкестігін растау қажет.

5. Қабылданған жел жылдамдығы мәндері (0,6 м/с және 1 м/с) жұмыс ауданының климаттық деректерімен расталмаған. Есептік параметрлерді негіздеу үшін ресми метеобақылау деректеріне (Қазгидромет) сілтеме жасау қажет.

6. Өнімділік көрсеткіштері негізделмеген:

- GMAX = 50 т/сағ;
- GGOD = 55300 т/жыл.

Карьердің жұмыс режимін, ауысым санын, жылдық жұмыс сағаттарын және өндірістік бағдарламаны көрсету қажет.

7. Шаң басу шараларының болуы немесе болмауы көрсетілмеген (NJ = 0). Су себудің жоқтығын растау немесе қолданылатын шаң түзілуін төмендету шараларының сипаттамасын келтіру қажет.

8. Шығарындылар көзінің параметрлері (биіктігі, қазу алаңының ауданы, забой конфигурациясы) көрсетілмеген, бұл ластау көздерін дұрыс түгендеу үшін қажет.

9. K1 және K2 коэффициенттерін дәл өндіру жұмыстары жағдайында қолдану негізделмеген, өйткені олар қоймадағы тиеу-түсіру операцияларына арналған болуы мүмкін.

- №6004 «Аршу жыныстары үйіндісі» қызметі кезінде атмосфералық ауаға ластаушы заттардың көзі бойынша.

1. Үйіндінің құрылымы мен пайдаланылуы туралы сипаттама жоқ:

- үйіндінің биіктігі мен пішіні;
- қалыптастыру тәсілі (бульдозерлік/экскаваторлық үймелеу);
- жоспарлау жұмыстарының болуы;
- бетті нығыздау немесе жабу шараларының болуы.

Бұл деректерсіз K6, K4 және S коэффициенттерін негізді түрде қолдану мүмкін емес.

2. Шаң басу тиімділігі NJ = 0.85 деп қабылданған, алайда қолданылатын шаралар (суару, шаң басатын реагенттер, рекультивация) расталмаған. 85 % мәнінің қандай негізде

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

қабылданғаны көрсетілмеген.
3. Шаңдану ауданы S = 1000 м² мәні негізделмеген. Үйінді ауданының есебін немесе жобалық деректерге сілтемені ұсыну қажет.
4. Беткей профилі коэффициенті K6 = 1.45 нақты үйінді геометриясын түсіндірместен қабылданған. Үймелеудің нақты конфигурация параметрлеріне сәйкестігін растау қажет.
5. Кесек өлшемі 50 мм болған кезде K7 = 0.4 коэффициенті негізделмеген. Аршу жыныстарының гранулометриялық құрамын ұсыну қажет.
6. Материал ылғалдылығы VL = 1 % деп қабылданған, бұл зертханалық немесе климаттық деректермен расталуы тиіс. Әдетте аршу жыныстары үйінділерінің ылғалдылығы жоғары болады және ол шаң түзілуіне елеулі әсер етеді.
7. Үйінді бетінің рекультивациясы немесе ішінара өсімдікпен жабылуы ескерілген-ескерілмегені көрсетілмеген, ал бұл шаң бөлінуін айтарлықтай төмендетуі мүмкін.
8. Жауын-шашын және қар жамылғысы параметрлері (TSP = 0, TD = 0) климаттық деректермен негізделмей қабылданған. Ауданның метеорологиялық сипаттамаларымен (Қазгидромет) растау қажет.
9. Материалдың ұшып кету көрсеткіші Q = 0.004 г/м²·с негізделмеген. Кестелік мәннің көзі мен қолданылу шарттарын көрсету қажет.
10. Есепте ашық үйіндіге қатысты жел жағдайлары сипатталмаған, ал мұндай көздер үшін олар негізгі фактор болып табылады. Қабылданған K3 және K3SR коэффициенттері расталуы тиіс.
11. Үйіндіні қалыптастыру бойынша бастапқы деректер келтірілмеген (жылдық үймелеу көлемі, пайдалану мерзімі, қалыптастыру кезеңдері).
12. Үйіндінің біртұтас шығарындылар көзі ретінде қарастырылуы негізделмеген, ал ол жеке жұмыс аймақтарының (түсіру, жоспарлау, жылжыту) жиынтығы болуы мүмкін.
13. Маусымдылықтың (жазғы/қысқы кезеңдер) әсері тексерілмеген, ал аршу жыныстары үйінділері үшін бұл шаңдану қарқындылығына елеулі ықпал етеді.
14. Есептеу реттілігінің дұрыстығын нақтылау ұсынылады (алдымен КОС ескеріле ме немесе шығарындыларды жинақтағаннан кейін бе), себебі бұл қорытынды мәндерге әсер етуі мүмкін.
Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидалары, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысандары және оларды толтыру тәртібінің 14-қосымшасына сәйкес әзірленуі қажет.
Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 359-бабының 1-тармағына сәйкес, қалдықтарды жинап қою объектісі деп тау-кен өндіру өнеркәсібінің қалдықтарын қатты немесе сұйық пішінде не ерітінді немесе суспензия түрінде жинап қоюға немесе он екі айдан асатын мерзімге ұзақ мерзімді сақтау арналған арнайы белгіленген орын түсініледі. Экологиялық рұқсатта лимиттер белгілеу және қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақыны қолдану мақсаттары үшін тау-кен өндіру өнеркәсібінің қалдықтарын жинап қою және ұзақ мерзімді сақтау қалдықтарды көмуге теңестіріледі.
Сондықтан, кен орында түзілетін аршынды жыныстарды (қалдықтар) қалдықтарды көму лимитінде ұсыну қажет.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Руководитель управления

Тулепов Галымжан Ануарович



Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.